

# **Экономикалық интеграция мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесін құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің  
2017 жылғы 24 ақпандағы 24-ө өкімі

## **Экономикалық интеграция мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Экономикалық интеграция мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, нормативтік құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен, ұйымдарымен, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерімен, жеке кәсіпкерлік субъектілерімен және олардың бірлестіктерімен Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – ЕуразЭО) жұмыс істеуі мәселелері бойынша өзара іс-қимылда жүзеге асырады.

4. Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде жарты жылда бір рет өткізіледі.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі кеңестің жұмыс органы болып табылады.

### **2. Кеңестің міндеттері**

6. Кеңестің міндеттері:

1) Еуразиялық экономикалық комиссия, Еуразиялық үкіметаралық кеңес, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырыстарына дайындық мәселелері бойынша бірыңғай ұстаным қалыптастыру;

2) ЕуразЭО жұмыс істеуіне байланысты проблемалық мәселелерді шешу бойынша бірыңғай ұстаным;

3) ЕуразЭО жұмыс істеуіне байланысты мәселелерді шешуде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын, ұйымдарын, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін, жеке кәсіпкерлік субъектілерін және олардың бірлестіктерін үйлестіру;

4) ЕуразЭО құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілердің қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру;

5) Қазақстан Республикасының ЕуразЭО-ға мүшелігі жағдайында экономиканы дамыту, өндірісті кеңейту, басқарудың тиімділігі мен ғылыми-техникалық прогресті арттыруды ынталандыру, тауар нарықтарында ресурстардың оңтайлы бөлінуін қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

### **3. Кеңес жұмысының ұйымдастырылуы мен тәртібі**

7. Кеңес жұмысының ұйымдастырылуы мен тәртібі «Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру

тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Мемлекеттік органдардың Кеңес отырысына одан әрі Еуразиялық экономикалық комиссия отырыстарында қарауға қатысты бастамашылық ұсыныстарды шығаруы «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы мемлекеттік органдарының, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының Еуразиялық экономикалық комиссиямен өзара іс-қимыл қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 5 мамырдағы № 279 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.